




Аты аңызға айналған Момышұлы






84(5Қаз)
М67

Момышұлы, Б. Көптомдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 1 т.
Ұшқан ұя / Бауыржан Момышұлы. - А. : Өнер, 2010. – 260 б.

Оқырман назарына ұсынылып отырған Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасы – жазушының ең танымал туындыларының бірі. «Ұшқан ұя» – автордың балалық шағынан сыр шертетін шығарма. Бұл кітапта Баукең негізінен өзі өсіп-өнген ортасы мен алған таным-тағылымын суреттейді. Сондай-ақ қазақтың «қонақ күту кәдесі», «қыз ұзату», «көкпар тарту», т.б. ұлттық салт-дәстүрі шынайы бейнеленген.

Бұл шығарма кезінде цензураның қатаң бақылауынан өтіп, біраз жерлері қысқартылған болатын. Еліміз тәуелсіздік алған соң, бұл аталмыш шығарма қайтадан өңделіп, толықтырылып, бастапқы қалпына келтірілген нұсқасы оқырман назарына ұсынылып отыр.





84(5Қаз)
М67

Момышұлы, Б. Көптомдық шығармалар жинағы
[Мәтін]. 6 т. Музей апа / Бауыржан Момышұлы. - А. :
Өнер, 2010. - 248б.

Б. Момышұлының «Музей апа» әңгімелері жинағына өмірінің әр кезеңінде жазылған әңгімелері еніп отыр. Олардың кейбіреулері бұрын жарық көрген. Өмірінің қилы-қилы кезеңдерінің қызықты тұстарына шолу жасай отырып, асқан шеберлікпен көрген-білгендерін қағаз бетіне түсіріп, оқырманмен ой бөліседі.






84(5Қаз)
М67

Момышұлы, Б. Көптомдық шығармалар жинағы
[Мәтін]. 10 т. 2 кітап. Айтылмаған ақиқат / Бауыржан
Момышұлы. - А. : Өнер, 2010. – 264 б.

«Айтылмаған ақиқат» - естеліктері мен күнделіктері, Бауыржан Момышұлының ғұмырнамалық деректемелері, өскен ортасы және қоғамдағы ірі мемлекет қайраткерлері, қаламгер әріптестері жөніндегі жеке жазбалары.






84(5Қаз)
М67

Момышұлы, Б. Көптомдық шығармалар жинағы
[Мәтін]. 12 т. Генерал Панфилов / Бауыржан Момышұлы.
- А. : Өнер, 2010. – 288 б.

Генерал Панфиловтың мерейтойы қарсаңында Б. Момышұлынан баспалар мен газет журналдар ол туралы естелік әңгімелер жазып беруге өтініш білдірген болатын. Б. Момышұлы бұл ұсынысты қабылдап, Мәскеудегі Ресей мұрағатында айлар бойы іздене отырып, деректерді жинақтап генералдың өзімен кездескен тұстарын еске ала отырып, осы шығарманы оқырманға ұсынған болатын.





84(5Қаз)
М67

Момышұлы, Б. Көптомдық шығармалар жинағы
[Мәтін]. 14 т. Соғыс қателікті кешірмейді / Бауыржан
Момышұлы. - А. : Өнер, 2010. – 304 б.

Б. Момышұлының әр жылдары жазылған, КСРО көлемінде жарияланған мақалалары және әртүрлі әдеби-ғылыми еңбектері толықтырылып, екінші рет жарияланып отыр. Әдебиет зерттеушілері үшін маңызы зор.






84(5Қаз)
М67

Момышұлы, Б. Көптомдық шығармалар жинағы
[Мәтін]. 15 т. Шындығын айтқанда / Бауыржан
Момышұлы. - А. : Өнер, 2009. – 340 б.

Б. Момышұлының шығармаларына жазылған рецензиялар мен өзінің мақалалары, ой толғаулары, әртүрлі басылымдар мен мұрағатта сақталған қорларын пайдалана отырып жинақталған. Бұл жинақтан оқырман керегін табады деген ойдамыз.






84(5Қаз)
М67

Момышұлы, Б. Көптомдық шығармалар жинағы
[Мәтін]. 16 т. Қанмен жазылған кітап / Бауыржан
Момышұлы. - А. : Өнер, 2010. - 272 б.

1944 жылдың басында Б. Момышұлы Алматыға демалысқа келгенінде Мұхтар Әуезовтің ұсынысымен, академик Қаныш Сәтбаев т.б. қазақтың зиялы қауым өкілдерімен кездесу өткізген болатын. Б. Момышұлы сол жолы әскери патриоттық тақырыпта бірнеше күн бойы күніне 5-6 сағаттан лекция оқыды. Сол оқылған лекцияларының стенограммасын жинақтап жеке кітап етіп оқырманға ұсынып отырмыз. Осы күнге дейін шығарма баспадан екінші рет жарық көріп отыр.






84(5Қаз)
М67

Момышұлы, Б. Көптомдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 26 т.
Шежіре / Бауыржан Момышұлы. - А. : Өнер, 2010. – 200 б.

Шежіре – ел тарихы. Бауыржан Момышұлының жеке мұрағаттарында да шежірелік қолжазбалар сақталынған. Ол өзінің әкесі Момыштан, оның арғы аталарынан қалған шежірелік мұраларды тиянақты сақтап, бұл арнаны біртұтас қазақ халқының және күллі мұсылман әлемінің тарихына ұштастыруға талаптанады.





84(5Қаз)
М67

Момышұлы, Б. Көптомдық шығармалар жинағы [Мәтін]. 30 т.
Жүрекпен жырлап толғаймын / Бауыржан Момышұлы. - А. : Өнер, 2010. –
248 б.

Бауыржан қаламынан туындаған өлең-жырлар – батырдың өмірбаяны мен шығармашылық өмір жолын өлеңмен өрнектеуімен құнды. Оның өлеңдерінің негізгі ерекшелігі – ойға құрылуында жатыр. Сондықтан батырдың өлеңдерін түгел жинастырып, өзі жинақтаған терме-толғаулары мен мақал-мәтелдерін оқырман қауымға ұсынып отырмыз.



